	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Қосымша 1
	«Кино және ТВ» факультеті	2023-2024ж.

**МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

«КИНО ЖӘНЕ ТВ» ФАКУЛЬТЕТІ

**БЕКІТЕМІН
ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
ректорының м.у.а**


Ш. Ергөбек

«___» _____ 2024

**«Кино және ТВ» факультетінің
«ТАЛАНТТАР ШОҒЫРЫ»
жастар байқауы туралы**

ЕРЕЖЕ

Алматы, 2024

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Қосымша 1
	«Кино және ТВ» факультеті	2023-2024ж.

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Кино және ТВ» факультетінің «Таланттар шоғыры» : «Режиссура» («Көркемфильм режиссурасы», «ТВ режиссурасы»), «Операторлық өнер» және «Аудиоөндіріс» білім беру бағдарламалары бойынша жастар конкурсын өткізу және оған қойылатын талаптар.

Жалпы ережелер

1. Конкурсты ұйымдастырушы

- 1.1 конкурсты ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитетінің құрамын және қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.
- 1.2 Оқуға түсушілер үшін жастар конкурсын Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы өткізеді.
- 1.3 Жастар байқауы ең дарынды және талантты шығармашыл жастарды анықтау мақсатында өткізіледі.
- 1.4 Байқау барысында қатысушылар таңдаған мамандығы саласында өздерінің жоғары кәсіби біліктілігі мен шығармашылық қабілеттерін танытуы тиіс.
- 1.5 Байқау қазақ және орыс тілдерінде өткізіледі.


2. Конкурстың мақсаттары мен міндеттері

2.1 Байқаудың мақсаты:

Қазақстан Республикасындағы дарынды шығармашыл жастарды анықтау. Байқау Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кино және телевидение» факультетінен **«алдын ала іріктеусіз шығармашылық емтиханға допуск»** алуға мүмкіндік береді.

2.2 Байқаудың міндеттері:

1. Оқушыларда өздерінің шығармашылық қарымын аша білу дағдысын қалыптастыру және жастардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектесу.
2. Кино және теледидар саласында шығармашылыққа бейімді дарынды балалар мен жастарды іздеу және оларға қолдау көрсету.
3. Экрандық құралдар арқылы адамгершілік, рухани, әлеуметтік және отбасылық құндылықтарды насихаттау.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Қосымша 1
	«Кино және ТВ» факультеті	2023-2024ж.

4. Шығармашыл дарынды балалар мен жастардың кино өнері саласында кәсіби білім алуына жағдай жасау.

2.3 Байқауға қатысушылар:

Конкурсқа жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептердің түлектері және 2023-2024 оқу жылында колледж бітірген түлектер қатыса алады.

2.4 Конкурссты өткізу шарттары мен тәртібі:

- Конкурсқа қатысуға шығармашылық жұмыстарын қоса тіркеп, talanttar2023@mail.ru. электрондық поштасы арқылы 2024 жылғы 02 сәуірге дейін өтініш жолдаған (қосымшада беріліп отырған үлгіге сәйкес) үміткерлер жіберіледі.

- Конкурсқа кез келген жанр мен шығармашылық шешімдер негізінде дайындалған: дәстүрлі немесе сандық технологиялардың (бейне - фотокамералар мен ұялы телефондар) көмегімен түсірілген бейнероликтер, фото жұмыстар, қысқаметражды фильмдер және ұсынылып отырған білім беру бағдарламасы (мамандандыру) бойынша конкурстық жұмыстардың мазмұнына қойылатын талаптарға сай келетін басқа да шығармашылық жұмыстар қабылданады.

- Байқауға қатысушылар үшін тәлімгерлердің консультациялық **кеңестері 2024 жылғы 20 ақпанда ZOOM** платформасында онлайн-режимде өткізіледі. Конференция идентификаторы: 568 550 2072. Кіру коды: 8vcYBN. Конференцияның басталу уақыты - 14:00 сағ.

- Байқау екі турда өтеді: іріктеу және әңгімелесу.

- Іріктеу комиссиясы байқауға қатысушылар жіберген жұмыстарды іріктейді және конкурсқа қатысушылардың белгілі бір тобын жібереді (саны шектелмейді).


- Конкурсқа жіберілген үміткерлер online-режимде байқаудың соңғы турына қатысады. 2024 жылғы 10 сәуірде ZOOM платформасында өтетін қазылар алқасының мүшелерімен әңгімелесу: конференция идентификаторы: 568 550 2072. Кіру коды: 8vcYBN. Конференцияның басталу уақыты - 10:00 сағ.

- Байқау жеңімпаздары алдын ала іріктеусіз шығармашылық емтихандарға жіберілуге мүмкіндік алады.

3. Конкурсстық жұмыстардың мазмұнына қойылатын талаптар:

3.1 «Режиссура» білім беру бағдарламасы бойынша («Көркемфильм режиссурасы», «ТВ режиссурасы»)

1. Қысқаметражды фильмнің мазмұны фильмнің тақырыбын ашуы керек, егер ол кинофильм болса, онда сюжеті (ойдан шығарылған немесе шынайы) актерлік ойын арқылы жасалады. Көлемі - 10 минутқа дейін.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Қосымша 1
	«Кино және ТВ» факультеті	2023-2024ж.

2. Әлеуметтік жарнама немесе әлеуметтік бейнеролик – көрермендердің назарын қоғамда орын алған мәселелерге аударуға арналған қысқа жарнамалық хабарлама түрінде беріледі. Көлемі - 5 минутқа дейін.

3. Жұмыста келесі тақырыптар қамтылуы керек: салауатты өмір салтын насихаттау, адамгершілік және рухани құндылықтар көріністерінің (мейірімділік, қайырымдылық) бейнеленуі, балалардың армандары мен ересектердің қызығушылығы, ұлттық құндылықтарды зерттеуге деген патриоттық қасиеттер мен мүдделіліктің көрінісі, экология және қоршаған ортаны қорғау.

3.2 «Операторлық өнер» білім беру бағдарламасы бойынша

1. Қатысушылар жарықтандыру және композиция бойынша тапсырмаларды іс жүзінде орындауы керек. Тапсырма: әйел мен ер адам портреттері.

2. Кинопортрет түсіру. Көлемі 5 -7 минут. Қысқа метражды фильмнің мазмұны фильмнің тақырыбын ашуы керек. Сюжет (ойдан шығарылған немесе шынайы) операторлық тәсілдің көмегімен жасалады.

3. Табиғатта: фоторепортаждың кез-келген жанры, пейзаж көріністері.

3.3 «Аудиоөндіріс» білім беру бағдарламасы бойынша

1. Шығармашылық байқауға қатысушылар төмендегі тақырыптарға эссе жазуы керек:


- «Мен әлемнің суретін дыбыспен салдым».
- «Көркем фильмдерді дыбыспен әрлеудің рөлі».
- «Саунддизайн».
- «Көркем фильмдердегі әуен мен сюжеттің байланысы».

2. Эссе келесі сұрақтарды ашып көрсетуі керек:

- дыбыстың драмалық мүмкіндіктері және оларды аудиовизуалды туындылардың дыбыстық шешімін жасауда қолдану;
- дәуірді, әлеуметтік ортаны, этносты және әрекет ету орнын сипаттауға мүмкіндік беретін дыбыстық құралдар;
- аудиовизуалды туындының дыбыстық шешімін қалыптастырудағы бейнелілік және символика.

4. Конкурстық жұмыстар келесі өлшемдер бойынша бағаланатын болады:

1. Идеяның, тақырыптың өзектілігі.
2. Шығармашылық тәсіл (идеяны, сюжетті жүзеге асыруға қалыптан тыс көзқарас).
3. Өзіндік ерекшелігі.
4. Мамандану шарттарына сәйкестігі.
5. Бейненің сапасы мен сауаттылығы.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Қосымша 1
	«Кино және ТВ» факультеті	2023-2024ж.

6. Оқиға желісін сақтау.
7. Көруге жайлылығы және қабылдауға жеңіл болуы.
8. Әр кадрдағы суреттің сауатты орналасуы.
9. Іс-әрекет орны мен оқиғаларды айқын көрсете білу.
10. Көріністермен, көрсету бұрыштарымен, панорамалық кадрлармен жұмыс істей білу.
11. Кадрлар ауысса да кейіпкерлердің танымалдығын сақтап қалу, типтік көріністердің өзіндік сипаттарын өзгертпей ұстай білу, пропорциялардың тепе-теңдігін сақтау.
12. Кадрлар тізбегінің (раскадровка) сауатты тоналдық және түстік шешімі.
13. Перспектива, жарық пен көлеңке, формаларды модельдеу заңдылықтарын ескере отырып, суретті меңгеру, анатомияны білу.
14. Орындаудағы ұқыптылық.

5. Конкурстық жұмыстарды рәсімдеуге қойылатын талаптар:

5.1 Байқауға қатысушылардың жұмыстарын электрондық поштаға жіберу қажет talanttar2023@mail.ru

5.2 Жұмыста бейнелер, фотосуреттер, сұхбаттар, жедел - сауалнамалар, бейнесуреттемелер, титрлар мен заставкалар, жекелеген үзіктер (фрагменттер) және музыка, кадрдан тыс дауыс, бейнефильмдерден үзінділер қолданылуы мүмкін. Титрлар немесе жұмыстың қысқаша сипаттамасында фильмде пайдаланылған материалдардың авторлары міндетті түрде көрсетіледі.

5.3 Конкурстық жұмысқа ұсынылып отырған үлгіге сәйкес (аты-жөні, білім беру мекемесі және нақты кері байланыс деректері көрсетілген), үміткердің өтінімі бірге жолданады.

Сондай-ақ, фильмнің атауы, жасалған күні, көлемі, жұмыстың қысқаша сипаттамасы туралы ақпарат қоса беріледі.


5.4 Конкурсқа ұсынылған жұмыстар кері қайтарылмайды. Бейнеде немесе дыбыста ақауы бар материалдар конкурсқа жіберілмейді.

5.5 Фильм өзгелердің авторлық құқығын бұзбауы және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуі тиіс.

5.6 Конкурсқа ҚР заңнамасында тыйым салынған элементтері бар (балағат сөздер, адамның қадір-қасиетін қорлайтын, саяси, діни, ұлттық алауыздықты қоздыру сипатындағы мәлімдемелер мен әрекеттер) аудиовизуалды туындылар қабылданбайды.

6. Қорытынды шығару, конкурсқа қатысушыларды марапаттау

6.1 Барлық ББ бойынша конкурстың қорытындысын Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА бекіткен комиссия төрағасы мен мүшелерінен құрылған конкурстық қазылар алқасы жасайды.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Қосымша 1
	«Кино және ТВ» факультеті	2023-2024ж.

6.2 Конкурс жеңімпазы әрбір ББ үздік көрсеткіштер (балдар) бойынша анықталады.

6.3 Байқау жеңімпаздарына алдын ала іріктеусіз шығармашылық емтихандарға жіберілу құқығы беріледі.

Анықтама телефондары:

Ұйымдастыру мәселелері бойынша

+7 (701) 430 5619 – Баймуханова Снежана Зайнуловна (декан орынбасары)

Электрондық пошта мекенжайы: talanttar2023@mail.ru